

## **Алматы қаласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық-құқықтық қолдау туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімінің шешімі 1998 жылғы 10 шілдедегі N 662. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1998 жылғы 29 шілдеде N 20 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 2001 жылғы 25 мамырдағы N 354 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 25.05 2001 N 354 ш е ш і м і м е н .**

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие қаржысын берудің тетіктерін жетілдіру, оның жүзеге асырылу тәртібін оңайлату, Алматы қаласының бюджетінен шағын бизнеске қолдау көрсету үшін бөлінетін ақша қаражаттарының пайдаланылу тиімділігін көрсету мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және жандандыру жөніндегі шаралар туралы" N 3398 Жарлығын орындау үшін, сондай-ақ 1998 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Үкімет мүшелерімен өткізген мәжілісінің N И-18 хаттамалық шешімінің 3-тармағында сәйкес қала Әкімі

### **шешім қабылдады:**

1. Мына құжаттар бекітілсін:

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қалалық бюджеттің ақша қаражаттарының және осы мақсаттарға арналған басқа да көздердің есебінен қаржыландырудың және несие қаржысын берудің тәртібі туралы ереже (N 1 қосымшаға сәйкес);

Алматы қаласы бойынша шағын кәсіпкерлікті дамытудың ауқымды бағыттарының тізімі (N 2 қосымшаға сәйкес);

2. Алматы қаласындағы шағын кәсіпкерлікті қаржылық-құқықтық қолдау жөніндегі Комиссияға келесі міндеттерді атқару жүктелсін:

- шағын бизнес Департаментінің (Т.А.Алпысбаев) жеңілдігі бар несие қаржысын беруге ұсынылған шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын қарау туралы есебін тыңдау және бекіту;

- кәсіпкерлердің шағымдарын, хаттарын қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау, шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетуге байланысты даулы мәселелер

жөнiнде шешiмдер қабылдау;

- шағын кәсiпкерлiк субъектiлерiне несие қаржыларын берудiң шектi сомаларын және мерзiмдерiн бекiту, сондай-ақ олар бойынша берiлетiн сыйлықтардың шектi ставкаларын және екiншi дәрежелi банкiлермен жасалатын шарттардың жалпы талаптарын белгiлеу.

3. Алматы қаласындағы шағын кәсiпкерлiктi қаржылық-құқықтық қолдау жөнiндегi Комиссияның мәжiлiсi қажетiне қарай, бiрақ тоқсанына кемiнде бiр рет өткiзiледi.

4. Алматы қаласы Әкiмiнiң 1997 жылғы 31 қаңтардағы "Шағын және орта бизнес кәсiпорындарына арналған жеңiлдiктер туралы" N 29, 1997 жылғы 28 маусымдағы "Қалалық бюджеттiң шағын кәсiпкерлiктi өркендетуге арналған ақша қаражаттарын өкiлеттiгi бар банктiң депозитiне орналастыру жөнiндегi тендерлiк Комиссия құру туралы" N 374, 1997 жылғы 7 қазандағы "Қалалық бюджеттiң ақша қаражаттарынан және басқа да көздерден қаржыландыруға және жеңiлдiгi бар несие қаржысын беруге ұсынылатын Алматы қаласындағы шағын кәсiпкерлiк субъектiлерiнiң басым жобаларын анықтау жөнiндегi комиссия туралы" N 569 шешiмдерiнiң күшi жойылды деп танылсын.

5. Алматы қаласындағы шағын кәсiпкерлiктi қаржылық-құқықтық қолдау жөнiндегi Комиссияның жұмыс органы болып Шағын бизнес департаментi (Т.А.Алпысбаев) белгiленсiн.

6. Шағын бизнес департаментi (Т.А.Алпысбаев) екiншi дәрежелi банкiлермен шағын кәсiпкерлiк субъектiлерiне несие қаржылық қызмет көрсету жөнiнде шарттар жасассын және қалалық бюджеттен шағын кәсiпкерлiкке қаржылық қолдау көрсету үшiн бөлiнетiн ақша қаражаттарын мақсатқа сәйкес пайдалануына бақылау жасалынуын қамтамасыз етсiн, сондай-ақ осы шешiмнiң орындалуына байланысты басқа да қажеттi барлық шараларды қолдасын.

7. Осы шешiмнiң орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкiмiнiң бiрiншi орынбасары Қ.А.Бөкеновке жүктелсiн.

Алматы қаласының әкiмi В.Храпунов  
А л м а т ы қ а л а с ы Ә к i м i н i ң  
1 9 9 8 ж ы л ғ ы 1 0 ш i л д е д е г i  
N 6 6 2 ш е ш i м i н е  
N 1 қосымша

**Қалалық бюджеттiң ақша қаражаттары  
есебiнен және осы мақсатқа арналған  
басқа да көздерден шағын кәсiпкерлiк  
субъектiлерiн қаржыландырудың және несие**

## қаржыларын берудің тәртібі туралы

### ЕРЕЖЕ

1. Осы "Қалалық бюджеттің ақша қаражаттары есебінен және осы мақсатқа арналған басқа да көздерден шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырудың және несие қаржыларын берудің тәртібі туралы Ереже" (әрі қарай - Ереже) Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылға 6 наурыздағы "Шағын кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдауды күшейту және жандандыру жөніндегі шаралар туралы" N 3398 Жарлығына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" N 131-1 Заңына сәйкес әзірленді және қалалық бюджеттен Алматы қаласындағы шағын кәсіпкерлікті қолдауға, өркендетуге бөлінетін ақша қаражаттарын, сондай-ақ, басқа да көзделген осы мақсаттарға бөлінетін ақша қаражаттарын пайдаланудың негізгі ережелерін, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие қаржыларын берудің тәртібін оңайлатуды.

### 2 . О с ы Е р е ж е :

- қалалық бюджеттің ақша қаражаттары есебінен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне (әрі қарай Заемшылар) жеңілдігі бар несие қаржыларын берудің тәртібін, шарттарын, мерзімдерін және тетіктерін;

- қайтарымды негізде бірлесе отырып, қаржыландыру тәртібіне сәйкес Заемшыларға өкілеттігі бар, екінші дәрежелі банкілермен (әрі қарай - Банкілер) бірлесе отырып, несие қаржыларын берудің шарттарын;

- Банкілердің Заемшыларға беретін несие қаржылары бойынша проценттік ставкаларды (мүдделерін) ішінара өтеудің шарттарын айқындайды.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін Алматы қаласы Әкімінің жанындағы Шағын бизнес департаменті (әрі қарай Департамент) және Банкілердің арасында Банкілердің Заемшыларға қалалық бюджеттің ақша қаражаттары есебінен несие қаржыларын (әрі қарай - Несие қаржылық келісім) берудің тәртібін белгілейтін тиісті келісімдерге қол қойылады.

3. Заемшылардың жобалары үшін жеңілдігі бар несие қаржыларын беру, бірлесе отырып қаржыландыру олардың қай салаға енетініне қарамастан шарттық негізде белгіленген Банк арқылы жүзеге асырылады.

4. Қалалық бюджеттің ақша қаражаттары есебінен Заемшыларға несие қаржыларын берудің мерзімдерін, олардың шекті сомаларын, сондай-ақ олар бойынша берілетін сыйақылардың шекті ставкаларын, Департамент және Банкілер арасында Заемшыларға немесе қаржылық қызмет көрсету үшін жасалатын шарттардың жалпы талаптарын белгілеуді Алматы қаласындағы шағын кәсіпкерлікті қаржылық-құқықтық қолдау жөніндегі Комиссия (әрі қарай - Комиссия) жүзеге асырады.

Комиссия нақты жағдайларды (экономикалық жағдай, инфляцияның қарқыны, банкілердің қалыптасқан проценттік ставкалары және т.б.) ескере отырып, несие қаржыларының шекті мөлшерін жүйелі өзгертіп отыруға құқылы.

5. Қалалық бюджеттің ақша қаражаттары есебінен Банкілердің проценттік ставкаларын (мүдделерін) өтеу қалалық экономика саласында жұмыс істейтін, қалалық бюджеттің ақша қаражаттары есебінен ұсталатын қалалық коммуналдық шаруашылыққа қызмет көрсетуге арналған шарттары және мердігерлік шарттары бар (көшелерді, скверлерді, парктерді, тазалау және қоқыстарды тасып әкету, канализациялық, су құбыры жүйелерін, мектептерді, ауруханаларды және басқаларды жөндеу) Заемшылардың жобалары бойынша қаржыландыратын Банкілерді несие қаржылары бойынша, сондай-ақ қалалық бюджеттің ақша қаражаттары есебінен ұсталатын қалалық ұйымдарға және халықтың әлеуметтік жағынан нашар қорғалған топтарына қызмет көрсетуге өкілетті органдармен жасалған шарт негізінде жұмыс істейтін Заемшылардың жобалары бойынша жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда берілетін несиелік ресурстардың нақты мөлшерін, немесе қаржыларының берілу мерзімдерін Банк Заемшымен келісе отырып, анықтайды. Бірақ, несие қаржыларын берудің жалпы мерзімі сондай-ақ, Банкілердің мүдделерін өтеу үшін (несие қаржыларының берілу мерзімдеріне қарамастан) қалалық бюджеттен бөлінетін сома және Банкінің беретін ставкасы Комиссияның ағымдағы кезеңге белгіленген шекті мөлшерінен аспауы тиіс.

Банкілерді проценттік ставкаларын (мүдделерін) қалалық бюджеттердің ақша қаражаттарының есебінен ішінара өтеу қайтарымды негізде жүзеге асырылады. Банкілердің мүдделерін ішінара өтеу үшін бөлінген бюджет қаржыларының қайтарылуын қамтамасыз ету тетігі Департамент және Банкілер арасында қол қойылған тиісті Несие қаржылық келісімдерге сәйкес анықталады.

6. Қалалық бюджеттің ақша қаражаттары есебінен қайтарымды негізде, жеңілдігі бар несие қаржыларын Заемшыларға беру, сондай-ақ, осы қаржы көздерінен олардың жобаларын бірлесе отырып, қаржыландыруға ақша қаражаттарын бөлу тек қана олардың экономикасының басым секторларындағы өндірістік қызметпен, қала үшін әлеуметтік маңызы бар қызметтер көрсетумен (жұмыстарды атқарумен), сондай-ақ, жұмыссыз азаматтардың едәуір бөлігі үшін жұмыс орындарын ашумен айналысқан жағдайда ғана жүзеге асырылады.

7. Заемшылар өздеріне несие қаржылары ретінде қалалық бюджеттен бөлінетін ақша қаражаттарын жабдықтарды сатып алу, сондай-ақ, қажетті айналым қаржыларын толықтыру үшін пайдалануы мүмкін.

Заемшылар өздеріне несие қаржылары ретінде қалалық бюджеттен бөлінетін ақша қаражаттарын, қарыздарын, сонымен бірге еңбекақы жөніндегі қарыздарын өтеу үшін, бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төлем пайдалана алмайды.

8. Заемшылар өздерінің бюджетке, мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға қарыздар емес екендіктерін Банкке құжаттар арқылы дәлелдеуі тиіс.

9. Заемшыларды Банкілерге ұсынатын құжаттарына қойылатын талаптарды Банкілердің өздері қабылдаған несие саясатына сәйкес белгілейді.

10. Банкілер құптаған жобалар Департаменттің қарауына ұсынылады, содан соң үш жұмыс күні ішінде Заемшыға ақша қаражаттарын беру немесе беруден бас тарту жөнінде шешім қабылданады.

11. Департамент қалалық бюджеттен шағын кәсіпкерлікті қолдауға, дамытуға бөлінетін ақша қаражаттарын мақсатқа сәйкес пайдалану шарттарын сақтандыруы үшін Банкке қайтарады, ал, олардың кемшіліктерін түзету мүмкін болмаған жағдайда бас тартады.

12. Департамент және Банк тарапынан құпталған жобалар бойынша он күндік мерзімде Заемшыларға несие қаржылары беруге қажетті құжаттар хатталады.

13. Қалалық бюджеттің қаражатынан Заемшыларға берілетін жеңіл несие қаржының проценттік ставкасы, оның мөлшері және мерзімі Заемшыға берілетін жеңіл несие, Комиссияның ағымдағы мезгіліне белгіленген шекті мөлшерінен асып түспеуі тиіс.

14. Қалалық бюджеттің қаражатынан берілетін жеңіл несие, сондай-ақ, қосарлы қаржыландыру шартындағы Заемшыларды несиелеуге бағытталған қаражаттың бөлігі, тәртіп бойынша, Заемшының қаржылық қамтамасыз етуінен немесе олардың берген өзге кепілдігімен жүзеге асырылуға тиіс, осы Ереже белгіленген тәртібі бойынша Заемшыны осындай қамтамасыз етуімен толығымен немесе жартылай босатуы шешім қабылдаған жағдайдан басқасы.

15. Банктің проценті (мүддесі) қалалық бюджеттің қаражатынан берілетін несиесі бойынша Заемшыға берілетін несие бойынша оның өзіне алған Банкінің тәуекеліне мүдделі және теңгермелі. Банк мүддесінің нақты мөлшері Банк пен Департамент арасындағы жасасқан несие келісімі мен анықталады, бірақ бұл комиссияның ағымдағы мезгіліне белгіленген шекті мөлшерінен асып түспеуі тиіс. Заемшыға комиссиялық сыйақы мөлшері белгіленген табыс шекті процент ставкасы арасындағы ерекшелік есебінен құрылған банкіге заемшы несиеге қызмет еткені үшін тиесілі Департамент пен Банк қол қойған Несие келісімімен анықталған шартта бюджетке аударуға жатады.

16. Жобаны қоса қаржыландырғанда Департамент өзінің несие ресурстар үлесін жобаның құнына сыйақысыз (мүддесіз), яғни, нолдік ставкамен береді, ал Банктер өзінің несие ресурстар үлесін жобаның құнына жылдық 25 процент ставкадан асырмай береді.

17. Жоба бойынша Заемшы үшін процент ставкасы қоса қаржыландыру шартымен қаржыландырылатын Банкінің ставкасынан және оның қоса қаржыландырудағы қатысу үлесін мүдделі, бірақ Банкінің қоса

қаржыландырудағы жобаға үлесі Заемшыға берілетін несиенің жалпы сомасынан  
50 процентінен кем болмауға тиіс.

Қоса қаржыландыру шартындағы Заемшыға несие беру мерзімі 36 айдан  
аспауы тиіс.

18. Осы Ережедегі белгіленген тәртіп бойынша Департамент жобаны қоса  
қаржыландыруды өзінің несие үлесіне Заемшыға жартылай кепілдік беру  
шартымен қамтамасыз етуге немесе оны бермеуге де құқылы.

Заемшыға қоса қаржыландыру шартымен оған Банкінің беретін несие  
ресурстарының үлесімен қамтамасыз ету сол Заемшымен келісу арқылы Банк  
анықтайды.

19. Департамент Заемшыға несие беруге бағытталған бюджеттік қаражаттың  
уақытылы және мақсатты пайдаланылуын Банктің Несие беру шарты келісімін  
орындауды бақылауды жүзеге асырады.

20. Департаменттің шотына бюджеттік қаражаттарды бөлу және аударуды  
Алматы қалалық Қаржы басқармасы Банкінің Заемшылардың жобаларын  
қаржыландыруды қолдаған және келіскеннен кейін ғана жүргізеді. Егер де Банк  
несие ресурсы ретінде пайдаланылатын бөлінген бюджетті қаражатты 15 күннің  
ішінде игере алмаса, (алдын ала қаржыландырылмаған, аккредитив аспаған,  
кепілдік немесе вексель берілмеген, жеткізіп беруші немесе мердігершілермен  
басқа да есеп жүргізілмеген), олар (Департаменттің Банкіге аударған ақшалай  
қаражаты) Департаменттің шотына 5 банкілік күн ішінде қайтаруға жатады.  
Банктің Департамент шотына олардың бөлінген бюджет қаражатын игере  
алмаған жағдайдағы уақытылы ақшаны қайтара алмағандығы үшін санкция  
мөлшерін Департамент пен Банк арасында жасасқан Несие беру келісімімен  
анықталады.

21. Осы Ережеде көзделген Алматы қаласы Әкімінің шағын кәсіпкерлік  
субъектілердің пайдасы үшін берілетін кепілдік туралы Шешімді Заемшы берген  
өтініш негізінде комиссия шығарады.

Кәсіпкерлердің оларға Әкімнің беретін кепілдігі жөніндегі өтініштерін қарау  
рәсімі мен тәртібін комиссия жеке өзі белгілейді және бекітеді.

*Алқа хатшысы* *К.Тәжиева*

А л м а т ы қ а л а с ы Ә к і м і н і ң  
1 9 9 8 ж ы л ғ ы 1 0 ш і л д е д е г і  
N 6 6 2 ш е ш і м і н е  
N 2 Қосымша

**Алматы қаласы бойынша Шағын кәсіпкерлікті  
дамытудың басымды бағытының  
ТІЗБЕСІ**

- жоғары сапалы киімдер мен трикотаж бұйымдарды өндіру;
- жоғары сапалы жиһаздар мен фурнитураларды өндіру;
- жаңа түрдегі картон-қағаз өнімдерін өндіру;
- ауылшаруашылық өнімдерін даярлау, өңдеу және сақтау;
- балалар тағамын, кондитер бұйымдарын алкогольсіз сусындарды, минералдық суларды және оларға арналған қаптамаларды шығару;
- жаңа технологиялық түрдегі машиналар мен жабдықтарды шығару;
- өнеркәсіп және тұрмыстық электроника мен электротехникалық өнімдерді өндіру ;
- тұрмыстық химия мен парфюмерлік-косметикалық бұйымдарды өндіру;
- дәрі-дәрмектік табиғи шикізатты даярлау және өндіру, сондай-ақ дәрі-дәрмек құралдарын, таңу материалдары мен тазалық-гигиеналық заттарды шығару ;
- жергілікті шикізат базасында құрылыс материалдарының, конструкциялары мен бұйымдардың озық және жаңа түрлерін өндіру;
- қаланың инфрақұрылымы саласында шағын кәсіпорындарды құру (дәрілеу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды өңдеу, ПИК және тамақтандыру объектілеріне қызмет көрсету, көшелерді тазалау, және басқалары);
- қалаға шет елден саяхатшыларын тартуға бағытталған туристік қызмет және Алматы қаласының демалыс қонақүй бизнесі;
- медициналық және ветеринарлық қызмет көрсететін шағын кәсіпорындар құру ;
- ғылыми икемді өндірістер мен технологияларды дамытуға байланысты қызмет, жоғары экспорттық қайтарымы бар, былай айтқанда венчурлық фирмалар, олардың өнімі ішкі және сыртқы базарларға арналған;
- құрылыс және жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізетін кәсіпорындар құру.

*Алқа хатшысы*

*К.Тәжиева*

А л м а т ы

қ а л а с ы

Ә к і м і н і ң

1 9 9 8

ж ы л ғ ы

1 0

ш і л д е д е г і

№

6 6 2

ш е ш і м і н е

№ 3 Қосымша

# Шағын кәсіпкерлікті қаржы-құқықтық қолдау Комиссиясының ҚҰРАМЫ

№ р/с	Аты-жөні	Қызметі
1.	Бөкенов Қ.А.	Комиссия Төрағасы, Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары
2.	Жаңбыршин Қ.Е.	Комиссия төрағасының орынбасары, Алматы қаласы Әкімінің орынбасары
3.	Алпысбаев Т.А.	Комиссия хатшысы, Алматы қаласы Әкімінің жанындағы Шағын бизнес департаментінің директоры
<b>Комиссия мүшелері :</b>		
4.	Васильева Л.А.	Алматы қалалық экономика жөніндегі комитеттің төрайымы
5.	Тәжібаев Қ.Қ.	Алматы қалалық қаржы басқармасының бастығы
6.	Қалижанов Б.У.	Алматы қалалық салық басқармасының бастығы
7.	Нұрланов А.Ж.	Алматы Үлгілі еңбекке орналастыру орталығының бастығы
8.	Орлов П.Е.	Алматы ауданы Әкімінің бірінші орынбасары
9.	Жұмабеков Д.А.	Әуезов ауданы Әкімінің орынбасары
10.	Тоғаев А.К.	Бостандық ауданы Әкімінің орынбасары
11.	Қонысбаев Б.Ж.	Жетісу ауданы Әкімінің бірінші орынбасары
12.	Солтанбаев Х.Ж.	Түрксіб ауданы Әкімінің бірінші орынбасары
13.	Ысқақбаев Н.Ш.	Медеу ауданы Әкімінің бірінші орынбасары
14.	Елшібеков С.К. (келісімі бойынша)	Алматы қалалық Кәсіпкерлер Ассоциациясының төрағасы
15.	Баншев Б.К. (келісімі бойынша)	Бірінші Вице-президент, ҚРБА атқару комитетінің төрағасы
16.	Түлешев А.К. (келісімі бойынша)	Әл-Фараби атындағы ҚазМУ ғылыми-технологиялық паркінің директоры, экономика ғылымдарының кандидаты

*Алқа хатшысы*

*К.Тәжіева*